


# Андрогогика – ересектерді оқыту ілімі



**Экономикалық ынтымақтастық Ұйымының өткізген конференциясында біліктілікті арттыру мекемесі маманының моделіне мына төмендегі құзырлылықтарды енгізеді:**

- мұғалімдердің өзін өзі дамытуын ынталандыру және қолдау;
- жаңа рольдер мен жауапкершіліктер қабылдауға дайын болу;
- мұғалімдердің кәсіби әрекетіндегі пайда болатын күрделі жағдайларды шешуге дайын болу үшін өз білімін тұрақты заман талабымен сәйкестендіріп отыру;
- мектеп практикасындағы проблемаларды шешудің жолын ұсына білу;
- мектептегі жаңашылдық бастамаларды басқара білу, енгізуге қабілетті болу.



Андрагог-педагог ересектерді оқыту технологиясын меңгергенде ғана бұл іс нәтижелі болады. Оған жоғарыда аталып өткен белсенді оқыту әдістері мен бағалау, жоспарға коррекция жасап өзгерістер енгізе алу, өз бетінше білім алу жұмыстарын ұйымдастыра білу сияқты білімдер керек.

Ең алдымен андрагог-педагог ол өзін озат тәжірибенің, жаңа ақпараттың иеленушісімін деген ойдан арылуы қажет. Ол – кәсіби қарым-қатынасты, тәжірибе алмасуды ұйымдастырушы, мұғалімдердің кәсіби мәнді сапаларының дамуына жағдай жасаушы. Бұл андрагог-педагог педагогикадағы әрекетінің міндеттері жағынан өзгеше жаңа мамандық деген сөз.

Андрагог-педагогқа тән қасиет шыдамдылық, төзімділік, эмпатия, ашықтық, энтузиазм, әдістмелік, әртістік, ұйымдастырушылық қабілеттер, сонымен бірге өзін-өзі жетілдірушілік қабілеті жатады.

Адамды түсіне білу, оның көзқарасын сыйлау, көп пікірлілікті құрметтеу, тең құқықтылықты мойындау сияқты гуманистік құндылық бағыттары болуы міндетті. Ол қасиет сапаларды андрогог-педагог өз бойында қалыптастыра білгені жөн.

Андрогогика (андрос грекше – ересек адам) – оқыту үрдісі барысындағы оқытушы мен үйренушілердің іс-әрекеттерін негіздейтін, ересектерді оқыту туралы ғылым. Андрогогиканың негізін салушылар білім беру саласындағы көрнекті американ қайраткері Малколм Шеппард Ноулз, ағылшын ғалымы Питер Джарвис, американдық ғалым Р.М.Смит. Малколм Шеппард Ноулз 1970 жылы “Ересектерге білім берудің қазіргі тәжірибесі” атты еңбегінде осы бағыттағы ізденіске алғашқы қадам жасады.

# Андрогогика ғылымының негізгі шарттары:

1.Өз білім алуындағы жетекші рөл үйренушінің өзіне тиесілі

2.Ересек үйренуші өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі көрсетуге ұмтылады және солай сезінуі тиіс.

3.Ересек адамда өзінің және өзгелердің үйренуі барысында қажет болуы мүмкін өмірлік тәжірибесі бар

4.Ересек адам өмірлік маңызы бар мәселелерді шешу мен нақты мақсаттарға жету үшін білім алады.

5. Ересектер үйренуші оқыту барысында алған білім-білім-дағдыларды кейінге қалдырмай пайдалануды көздейді.

6. Ересектердің оқу іс-әрекеті кейде шектейтін, кейде көмектесетін уақыттық, кеңістіктік, тұрмыстық, кәсіптік және әлеуметтік факторлар арқылы өзгеріске түседі.

7. Ересектерді оқыту үрдісі оның барлық (жоспарлау, жүзеге асыру, бағалау және түзету) кезеңінде оқытушы мен үйренушінің бірлескен іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылады.



**Синергетикалық басқаруға тікелей ықпал ететін андрогогикалық оқыту моделі педагогикалық оқыту моделінен көптеген параметрлер бойынша ерешеленеді (М. Ш.Ноулз):**

1. Үйренуші тәжірибесі білімнің бай көзі болып табылады.

2. Үйренуші алған білімін бірден пайдаланады.

3. Оқыту пәнге емес, мәселе шешуге бағытталған.

- 4. Оқыту үрдісін жоспарлау, сұраныстарды анықтау және оқыту мақсаттарын қою бірлесе жүзеге асырылады.

- 5. Оқу іс-әрекеті өз тәжірибесі негізінде жаңа білім іздеу технологиясы арқылы жүзеге асырылады.